

**IFEAC**



**INSTITUT FRANÇAIS D'ÉTUDES SUR L'ASIE CENTRALE  
ФРАНЦУЗСКИЙ ИНСТИТУТ ИССЛЕДОВАНИЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ  
FRENCH INSTITUTE FOR CENTRAL ASIAN STUDIES**

**WORKING PAPER N° 25**

## Еуропада қазақтардың пайда болуының тарихына шолу

Арафат Мамырбеков, PhD  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
Философия және саясаттану факультеті  
[arafatmamyrbekov@gmail.com](mailto:arafatmamyrbekov@gmail.com)

**Кілт сөздер:** Қазақ диаспоралары, Түркия, Франция, көші-қон

Қазақ диаспоралары әлемнің түпкір түпкірінде бар. Олар 20 ғасырларда болған саяси оқиғалардың нәтижесінде әртүрлі елдердің территориясында қалып қойған немесе шекара асып кеткен. Қазақстанға шекаралас аймақтарда орналасқан қазақтардың тарихы жақсы зерттелген. Атап айтар болсақ, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Ресей. Алыс шетелдегі, яғни Еуропадағы қазақтардың тарихы аз зерттеліп отыр, қазақ ғалымдары арасынан Еуропалық қазақтарды зерттеп жүрген ғалымдар аз, еуропалық қазақтар тарихы жайында Гульнар Мендикулованың еңбектерінде кездеседі<sup>1</sup>. Еуропаға ауған қазақтардың ертеректегі тарихына, мәдениетіне яғни Еуропаға келмес бұрынғы, Алтай жерлеріндегі тарихына шетелдік ғалымдар, олардың идентификация мәселелеріне, мәдени ерекшеліктеріне, тарихына ертеректе ден қоя бастаған<sup>2</sup>.

Франциядағы қазақтардың бүгінгі мәдениеті мен өмір салтын зерттемес бұрын, олардың тарихына тоқталғанымыз жөн. Жалпы Еуропадағы қазақ диаспорасының дені Шығыс Түркістан жерлерінен шыққан қазақтар. Жалпы Шығыс Түркістан<sup>3</sup>, қазіргі Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданына тиесілі жерлер. Қазақтар бұл елді мекенге қашан, қандай жағдайда қоныстанғанына қатысты нақты дәлелдер жоқ, ғалымдар әр түрлі болжамдар айтады.

Шығыс Түркістандағы қазақтардың басқа елдерге қоныс аударуына 1930 жылдары Қытайдағы саяси өзгерістер ісерін тигізді. 1930-1940 жылдары Қытай мемлекеті өз шекараларын нықтап, ішкі саясатын күшейте түседі. Алтайды мекен еткен қазақтар жаңаша саясатқа қарсы тұрып, жергілікті қытай билігімен түрлі қақтығыстарды басынан кешіреді<sup>4</sup>. Қазақтар қытайландыру саясатына жан-жақты қарсы шағады.

1930-1933 жылдар арасында Шығыс Түркістанды мекен еткен қазақтар мен ұйғырлардың жеріне хандықтарды (қытайларды) орналастыра бастайды. Сонымен қатар, мәжбүрлі түрде ұйғырлар мен хандықтарды үйлендіру жайында

<sup>1</sup> 1) Мендикулова Г. М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Гылым. 1997 г. – 264 с., 2) Мендикулова Г. М. Казахская диаспора: история и современность – Алматы : Всемирная Ассоциация казахов, 2006 . – 341 с.

<sup>2</sup> 1) Linda Benson, Ingvar Svanberg *China's Last Nomads: The History and Culture of China's Kazaks*, 1998, 2) Linda Benson, Ingvar Svanberg *The Kazakhs of China Essays on an Ethnic Minority*, Uppsala 1988, 3) Auelkhan Hali, Zengxiang Li, Karl W. Luckert *Kazakh traditions of China*, 1984.

<sup>3</sup> Қазақ энциклопедиясы 9-том.

<sup>4</sup> Hasan Oralay *Kazak Turkleri*, Istanbul 1976.

насихат кең етек алады<sup>5</sup>. Мал баққан қазақтар жері мен отбасына келген қауіптен сақтану үшін көтеріліс жасауға, қарсы тұруға әрекеттенеді. Қытай әскерлерімен жергілікті қазақтар арасында стихиялы түрде атыс-шабыс, кішігірім соғыстар жиілейді. Қаруы бар, техникалық жағынан мықты қаруланған қытай әскерлеріне қарсы тұра алмаған, қақтығыстардан әбден зәбір шеккен Керей рулары елін тастап, Тибет арқылы Пәкістан аймағына өтуге мәжбүр болады. 1930 жылдардың ортасына қарай, қазақтар лек легімен Тибет тауларын асып, Пакистан жерлеріне келеді. Қазақтар әлі бөлініп кетпеген Пакистан мен Үндістан территорияларында 10 жыл шамасында тұрақтап қалады. Тек 1952 жылы Түркия мемлекеті қазақтарды саяси босқын ретінде танып, Түркияға қоныс аударуын рұқсат беріп, қолдау көрсетеді. Осылайша, қазақтар Европа жеріне аяқ басады.

Батыс Европаға алғаш болып қазақтар 1960 жылдардың басында келе бастаған. Алғашқыда қазақтардың көпшілігі Алманияға қоныстанады. Олардың көпшілігі Түркиядағы жұмыссыздықтан, әлеуметтік жағдайдың төмендігінен және 1961 жыл 30 қазандағы Германия мен Түркия арасындағы соғыстан кейінгі Германияның экономикасын түзету мақсатында жұмысшыларды тарту келісім-шарты негізінде Түркияның азаматтарын шақырған болатын. Осы толқынмен Түркия азаматтары ретінде қазақтар алғаш болып Батыс Европаға келе бастады<sup>6</sup>.

### **Францияға қазақтардың келу тарихынан**

Қазақтардың Түркияны тастап Франция жерлеріне келуін, сол кездердегі Түркиядағы экономикалық жағдайдың ауырлығымен түсіндіруге болады. Жұмыстың жоқтығы, қазақ жанұялары арасында адам санының көбейіп, қосымша үй салу қажеттігін туындатады. Бірақ үй салуға, үйленуге, той жасауға қажетті қаражатты табу өте қиынға соғады. Осы кездері, түріктер Еуропаға еңбек мигранттары ретінде кете бастауы жиілеген болатын. Таныс түріктері арқылы қазақтар да Европаға кете бастайды.

Париж қазақтарымен сұхбат барысында белгілі болғаны алғашқы болып 1971 жылы 21 қыркүйекте таңғы 7,15 те Лион автовокзалына 4 қазақ келген. Олар: Яшар Динч, Жүсіпбек Бұғдай, Бопи Шетінкөз және Шахмардан Кірал. Алғаш келген қазақтар Стамбулдағы таныс түріктер арқылы тері фабрикаларында жұмыс орынын алдын-ала әзірлеп, уағдаластықпен келген. Бұл жылдары Францияға келу, жұмыс табу өте жеңіл болған. Осылайша, басқа қазақтар біртіндеп осы кісілердің артынан келе бастайды.

Францияға қазақтардың жаппай келуіне Түркиядағы саяси оқиғалар да түрткі болған. 1960-1970 жылдары түрік қоғамы тым саясилана түседі. Қоғамның модернизациялануын жақтаушылар мен оған қарсы шығушылар арасында шиеленіс арта түседі. Түрік қоғамы оңшылдар мен солшылдар болып екіге

<sup>5</sup> Linda Benson, Ingvar Svanberg The Kazakhs of China Essays on an Ethnic Minority, Uppsala 1988.

<sup>6</sup> Е.Е. Чулковская Турецкая диаспора Германии: между Анкарой и Берлином, Москва 2014.

бөлінеді<sup>7</sup>. 1980 жылғы биліктегі өзгерістер қазақтарды айналып өтпеген. Қазақтардың көпшілігі солшылдар болып саналған. Мажит Тастемір 54 жас «Мен солшыл болдым. Көптеген жиналыстарға бардық, өзімізді көктүріктің ұрпағы ретінде қарастырып, коммунистерге қарсы шығатынбыз. Бармақтарымызды біріктіріп, қасқырдың белгісін көрсетуші еді. Бірақ, оңшылдар бұны дұрыс деп таппады. Жергілікті биліктің маған көзқарасы дұрыс болмады, арандатушы ретінде санап, мені бір күні ұстап әкетіп, түрмеге қамады, сабап жәбір көрсетті. Түркиядағы саяси жағдай күннен күнге ауырлай түсті. Ауданымыздағы халық екіге жарылып жиі төбелестер болып тұратын. Әкем мені түрмеден әзер алып шықты. Шыққан күні менің Еуропаға кетуім керектігін айтты. Жылдам жиналып, визаға құжат даярлап, тездетіп туристік виза алып Францияға кетіп қалдым. Саяси шиеленістер күшейген сайын қазақ отбасылары жас жігіттерінің Түркиядан қалғанын қаламады. Үйдегі кенжелер қалуға тиіс болды да. Күйі жеткендер Еуропаға кетуге тырысты. Мен сияқты саяси қуғын көріп немесе саяси науқаннан зиян шегіп қалудан қашып келген жігіттер аз емес еді».

1974 жылдан бастап Францияның миграциялық саясаты өзгеріп, Франция жұмысшыларды қабылдауды азайта бастайды. Франциядағы мигранттар арасында жұмыссыздық көбейе бастауына байланысты, елге келуші мигранттарға шектеу қойылады<sup>8</sup>. Осылайша, Түркия қазақтарының Францияға келуі біраз қиындай бастайды.

Францияға 1980-ші жылдардың басында келген қазақтардың көпшілігі туристік визамен келгендер. Туристік виза алудың өз қиындықтары болған. Жанұялы кісілер визаға тапсырыс берген уақытта тек әйелдеріне ғана виза беріп, ерлеріне виза бермеген кездер жиі болып тұрған. Сания Шәкәрбай 61 жас. «Біз визаға үш жанұя тапсырдық. Үшеуіміздің де күйеулерімізге виза берген жоқ. Не істерімізді білмедік. Үйде отбасымызбен ақылдастық. Үйдегі ата-енелеріміз күйеулерің қайта тапсырар, қазір кетпесеңдер, бұдан кейін бара алмай қалуларың мүмкін деді. Балаларымызды ата-енелерімізге тастап жолға шықтық. Мен жалғыз шықпадым, менімен бірге тағы да екі қазақ әйелдері бар еді. Италияға келген кезде тіл білмей адастық, жататын жер таба алмай біраз сабылдық. Ол кездері Стамбулдан тікелей Парижге пойыз жоқ болатын. Жолай әртүрлі мемлекеттерден пойыз ауыстыруымызға тура келетін. Көшеде отырып, жыладық, қайтқымыз келді, бірақ, қайтып барғанмен жұмыс жоқ, сондықтан бәріне көнуіміз керек болды. Жолда түріктер кездесті, олар бізге көмек қылып, Парижге дейін билет алып беріп, жол көрсетті. Франция әзер жеттік. Бір жылдан кейін күйеулеріміз виза алып, артымыздан келді».

Франция үкіметінің миграциялық саясаты күшейе түскен сайын, қазақтардың Францияға келуі де қиындай түседі, туристік виза алудың өзі

<sup>7</sup> Ali Arslan. The Evaluation Of Parliamentary Democracy In Turkey And Turkish Political Elites, #. 6, Invierno, 2005, 131-141p.

<sup>8</sup> Шмелева, Надежда Викторовна Эволюция иммиграционной политики Франции на рубеже XX - XXI веков кандидатская диссертаци. Москва 2003 г.

ауырлайды. Виза алу үшін бұрындары банкіде 1000 франк бар екендігін көрсететін болса, уақыт өте келе бұл соманы жинақтау және банктен анықтама алу қиындай түседі. Түркия қазақтары енді басқаша жолмен Францияға жетудің амалдарын қарастыра бастайды. 1984 жылы Парижге 30 шақты қазақ автобуспен келген. Олар виза немесе жұмысқа шақырту қағазсыз келген. Мұстафа Үслужан 56 жас «Стамбулда түріктер бізге Түркиядағы қазақ халық филармониясы Парижге өнер көрсетуге бара жатыр деген жалған қағаз жасап берді. Біз осы қағазды алғаннан кейін, қазақи киімдер тігіп, домбыра және өзге де аспаптар алып, арнайы бір автобус жалдадық. Автобус әр шекарадан өткен сайын біз музыка ойнап, би билеп шынайы әртістер сияқты көрінуге тырыстық. Кеден сақшысы сұрақ қойған жағдайда біреуіміз ғана жауап беріп, қалғанымыз ән айтып отыратынбыз. Осылайша, Парижге ең көп топ болып, 30 адам бірақ келген едік».

Бір үйден бірінші болып келген қазақтар арттарынан туыстарын шақырта бастаған. Ол уақыттарда Парижде жұмыс табу өте жеңіл болған. Осыған орай, туыстарына жұмыс тауып, оларды шақырту алуға тырысады. Бірақ, тіл білмегендіктен, оларға шақырту жасату қиындықтарына тап болады. Кейбір жағдайларда, заңсыз әрекеттерге баруға да тура келген. Мажит Тастемір 54 жас «Мен ағамды өзімнің паспортымен Алмания территориясына өткіздім. Ағам екеуіміздің түріміз қатты ұқсайтын. Әйелімді барлық құжаттармен бірге Түркияға жіберіп, ағамды әкелуін өтіндім. Мен түнімен ұйықтай алмадым, егер ұсталатын болсақ мен де, ағам да қиын жағдайларға тап болушы едік. Әйелім Францияда туып өскен, француз азаматы болғандықтан, французшасы таза болатын. Ол менің күйеуім деп, ағамды менің паспортыммен Германия шекарасына дейін жеткізді. Францияға келсе, өтірігіміз шығып қалуынан қорықтық, оны Голландияға орналастырдық. Ағам сол мемлекетте бүгінге дейін тұрақтап қалды».

Францияға 1986-жылдың екінші жартысында қазақтар көптеп келген. Олардың арасында басқа елдерге виза алып, Францияға қашып келгендері де бар. Атын көрсетпеді өтінген жігіттің естелігі «Францияға тікелей келу жылдан жылға ауырлай түсті. Францияға туристік виза алу қиындаса да, көршілес мемлекеттерге виза алу жеңілдеу болатын. Түріктер Грецияға теңіз арқылы өтіп, Италия асып Францияға өтіп жатқандығын естідік. Біз де осы жолды таңдадық. Италияға туристік виза алдық. Грецияға дейін автобуспен жеттік. Одан әрі поезбен Италия жерлеріне келіп орналастық. Күндіз көп шықпай, түнді күттік. Жанымызда басқа да түріктер бар. Біз бірнеше қазақпыз. Кеш батқаннан кейін түріктер қандай орман арқылы Франция жерлеріне өтуге болатынын айтты. Сол жерлермен түнімен жүрдік. Тау-тастың арасы, нулы орман. Шекарашылардан тығыламыз. Түнде қайтадан ілгері жүреміз. Осындай қиындықтармен Франция аумағына өттік. Парижге жеткен соң осындағы қазақтар жұмысқа тұрғызды, үйлеріне жандарына алды».

1982-1987 жылдары келген қазақтардың Түркияға баруға мүмкіндіктері болмаған. Құжаттары реттелгенге дейін 7-8 жыл Парижде жұмыс істеген. Түркияға өтер болса, құжаттары дұрыс болмай, кері қайта кіре алмайтын болған. Тек, Францияда тұруға құқылы болып, құжаттарын алғаннан кейін ғана Түркиядағы ата-аналарына баруға мүмкіндік алған.

Қазақтардың Франция құжатын алып болғаннан кейін сандары күрт өсе түседі. Оған себеп, көптеген отбасылар Түркияда қалған балаларын алдыра бастаған. Балаларды Францияға әкелу оңай болмаған. Тіпті машинаның артына тығып әкелгендері де болған. Көптеген қазақтар 1962-63 жылдары Алманияға туыстарының балаларының құжаттарын пайдаланып, Германияға балаларды жеткізген. Германиядан туыстары Францияға жеткізіп беріп отырған.

Осылайша, Париж қазақтарының Франция жерлеріне келуі жағдайын төртке бөліп қарастыра аламыз. Алғаш келгендері 1974 жылдан 1982 жылға дейін келген қазақтар ешқандай қиындықсыз Франция аумағына өте алған, келе сала жұмыс табу да қиындық тудырмаған. Ал екінші кезекте 1982-1984 жылдар аралығында келген қазақтар. Олардың барлығы дерлік туристік виза алып, шекарадан өткен. Үшінші кезекте 1985-1987 жылдар аралығында заңсыз, әртүрлі жолдармен Франция аумағына өткен қазақтар. Ал 1988 жылдан кейінгі келген қазақтар шақырту қағаздарын алып, ресми түрде келгендер болып табылады.

### **Франция қазақтарының рулық құрылымы :**

Франциядағы қазақтардың 90 пайызы қазақтың керей руынан шыққан. Себебі, олардың барлығы дерлік Қытай жерінде тұрған бір тайпаның адамдары болып табылады. Олар өз ішінен 18 топқа бөлінеді. Атап айтар болсақ, Секел, Тасбике, Шеруші, Базарқұл, Қыстаубай, Сарбас, Шұбарайғыр, Молқы, Жәдік, Шоқабай, Қарақас, Есағасы Қазбек, Меркіт, Есдәулет, Ителі, Барқы және араларында Уақ және Наймандар да кездеседі. Рулық бөліністе Франция қазақтары саны жағынан әр түрлі болып келеді. Оларды сан жағынан көп, орташа және аз топ деп үшке бөлуге болады. Сан жағынан көп болып келетін рулар: Шұбарайғыр, Молқы, Жәдік және Шақабай. Сандық жағынан орташа рулар: Тасбике, Қарақас, Есдәулет және Ителі. Сан жағынан аз болып келетін рулар: Секел, Шеруші, Базарқұл, Қыстаубай, Сарбас, Есағасықазбек, Меркіт, Барқы, Найман және Уақ.

№	Ру атаулары	Отбасы саны
1	Жәдік	33
2	Шоқабай	31
3	Молқы	29
4	Шұбарайғыр	25
5	Тасбике	20

6	Қарақас	20
7	Ителі	14
8	Барқы	13
9	Есдәулет	12
10	Сарбас	7
11	Базарқұл	7
12	Қыстаубай	5
13	Найман	5
14	Секел	5
15	Есағасықазбек	4
16	Уақ	4
17	Шеруші	3
18	Меркіт	3

Мәлімет Франция қазақ түріктері ассоциациясындағы жасалған арнайы қазақтар саны тізбесінен алынды.

Рулар арасында туысқандық қатты сақталған. Әр ру өз араларынан қыз алысып, қыз беріспейді. Олар жеті атадан асып кетсе де бір-бірін бауыр, аға, іні немесе қарындас санайды. Мысал, Шұбар айғыр өз ішінде үйлене алмайды. Тек Найман бір-біріне қыз берісіп қыз алса алады. Себебі олар, бұрыннан келе жатқан үлкен тайпа деп есептелінеді және олар Қытай жерлерінде тұрған кездерінде де бір-біріне қыз алысып, қыз беріскен үлкен тайпа болған. Бірақ, Түркияға көшіп келгеннен кейін, қазақ санының аздығына орай, жергілікті түрік әдет-ғұрыптары өз әсерін беріп, бөлелерді бір біріне үйленуіне рұқсат берген жағдайлар кездеседі.

### **Франциядағы қазақтардың шоғырлану аймағы және тұрмыстық жағдайлары**

Франция қазақтары негізінен Париж қаласына шоғырланған. Түркиялық қазақтар сияқты Стамбулдың белгілі бір аудандарында ғана шоғырланбаған. Франциядағы қазақтардың Италия, Греция немесе басқа мемлекеттерге кетпеу себебі, барлығы бір жерге шоғырлануды қалаған. Келгеннен кейін, 50-60 қазақ екі қонақүйде орналасқан. Пармантиер және Шарон ауданындағы отельдерде бірге тұрған. Басқа аудандарға тұруды қаламаған. Осылайша туыстық қатынастарды Францияға келгенде де үзбеген. Олардың бір жерде тұруына, қазақтардың барлығы дерлік бір жерде жұмыс істеуі де себеп болған. Сонымен қатар, тілді меңгермеген қазақтар жергілікті тұрғындармен араласудан қашақтаған, бір-біріне септесіп, бөлек тұрудан қорыққан. Негізінен Францияға келген қазақтардың барлығы тері цехтарында тігінші болып жұмыс істеген. Алғашқы кезде, қазақтар басқа жұмыстар іздеп, теріден басқа кәсіптерге орналасқандары болмады. Тәбәрік Догу 56 жас «Алғаш келгенде барлығымыз бір жерге тұруға тырысатынбыз. Бірге тұру үшін отельдің консиершесіне Түркиядан арнайы киімдер немесе бағалы сыйлықтар әкелетінбіз. Соларды беру

арқылы, орын алып, қазақпен бірге тұруды қаладық. Таңертең барлығымыз бірге жұмысқа кететінбіз, кешкісін барлығымыз бірге қайтатынбыз. Алғаш келгендер Францияда нені жеуге болмайтынын, қай тамақ неден жасалғанын түсіндіретін, көшелерді үйрететін. Қазақ қоғамынан жырақ өмір сүру жайында тіптен ойланбадық».

Қазақтар арасындағы туыстық қатынастардың мығым болуы, шет елде өзге қоғамнан қорқу, тілді меңгермегендік, діни салт-жоралғыларды бірге ұстану сияқты себептер оларды бірге тұруға итермелеген.

### **Қазақтардың Франция қоғамына бейімделу мәселелері:**

Алғаш келгеннен бастап қазақтардың Франция қоғамына бейімделуге ниетті емес екендігі байқалады. Түркиядан еңбек мигранты болып барған немесе туристік визамен қалып қойған алғашқы қазақтардың барлығы дерлік тілді еркін меңгермеген. Тілдің қажеттілігі бар деп санамаған. Олардың Францияға келу мақсаттары жұмыс істеп, біраз ақша жиналғанда Түркияға кері қайту болған. Осыған орай, олар Францияны уақытша тұрақтап қалатын жер есебінде қараған. Бірақ уақыт өте келе, Түркияның экономикасының жылдам дамымай қалғанын ескере келе, Францияда қалуға мәжбүр болған.

Олардың барлығы тері өңдеу және теріден киім тігу, аздаған бөлігі трикотаж цехында жұмыс істеген. 1974-жылдан бастап 1990 жылдарға дейін Түркиядан келіп қосылып жатқан өзге де жаңа қоныс аударушылар да тері цехында ғана жұмыс істеген. Қазақтар тек бір цехта ғана жұмыс істемеген. **Яшар Динчтің 69 жас** «Біз алғаш келгенде, «теріні жақсы тігеміз, теріден кез келген бұйымды тігіп береміз» деп келген болатынбыз. Дегенмен, біздің шеберлігіміз Францияның талаптарына сәйкес келмеді. Сонымен қатар, біз біраз жалқау халық екенбіз. Келісілген ақшаға орай, айлық жалақыға қарап отыратын едік. Сондықтан, баяу тігіп, көп уақыт демалып отыратын едік. Тері цехының басшысы француз келіп, «бұлай іс жүрмейді, қанша киім тігесің сонша ақша төлейміз» деді. Содан бастап біз тігу шеберлігімізді арттырып, күні-түні жұмыс істей беретін болдық. Ол кездері Францияның тауарлары бүкіл Еуропаға, әлемнің түпкір түпкіріне жіберілетін. Тапсырыс мол, біз де жатпай тұрмай жұмыс істей бердік. Егер, бізге басқа цех ақшаны көп төлеймін десе, цех ауыстырып жүре беретінбіз. Тілдің қажеттілігі соншалықты керек болмады және де француз халқы тілді меңгермеген мигранттармен тіл табысу, ұғынуға шебер халық екен. Олар ыммен бәрін ұқтырып, ыммен бәрін түсіне алатын еді. Тігуді бір көрсетіп берсе, жаңа фасонды ешкіммен французша сөйлеспей-ақ тіге беретінбіз. Тігіншілердің барлығы қазақтар едік ал, француздармен ортадағы делдал түріктер болды. Сондықтан тілді үйренуге соншалықты қажеттілік болмады».

**Жамилә Исмаил 58 жас** «Біз алғаш келгенде бейімделуден көп қиыншылық көрмедік. Мен келгенше күйеуім жұмыс пен тұратын жер тауып қойыпты. Таңертең сегізде кететінбіз кешкі тоғыз-ондарда үйге келетінбіз.



Жұмыс істейтін жердің барлығы қазақтар. Ал, сыртқа шыққанда магазиннен сауда жасау үшін көп сөйлеп, түсіндірудің қажеті жоқ. Таңдаған затыңды алып келіп, кассаға өткізетінбіз. Олар бізге санап керек ақшасын алатын. Біз француздармен сөйлесуге құштар болған жоқпыз. Алып жатқан жалақымызға риза болдық, бұл француз қоғамына тікелей араласып кетуге алғашқыда құқымыз да құлығымыз да болған жоқ».

**Мәжит Тасдемірдің 54 жас.** «Француз қоғамында болғаннан кейін сандарды, негізгі қажетті сөздерді үйрендік. Қазіргі күнге дейін толық жақсы ұғамыз деп айта алмаймын. Уақытша тіркелу, Франция азаматтығын алу үшін жинақталатын құжаттар мен ресми процесстерді реттеу үшін осындағы түріктерге ақша бердік, олар бізге аудармашылық әрі іс-жүргізуші ретінде қызмет көрсетті. Түріктер французша жазып, қалаған құжатымызды реттеп беруге көмектесетін. Біз үшін французша жазу да, оқу да қиынға түсті. Французша оқу курстары тегін болатын. Оған барып оқуға мүмкіндігіміз болды. Келген қазақтардың ешқайсысы француз тілі курстарына бармады. Себебі, келген кезде бізге жұмыс даяр тұрды. Жұмыста қанша киім тіксең соншалықты ақша алатынбыз, сондықтан да, курсқа барып, онда уақыт өткізгеннен гөрі, тігін тігіп, артық ақша тапқан пайдалырақ болып саналды».

Қазақ отбасылары уақыт өте келе, балалары өскеннен кейін тілдік мәселе туындайтын жерлердің барлығына балаларын апарып отырған. Олар 2-3 сыныптан бастап әке-шешелеріне аудармашы болып жүрген, ата-аналары аудармаға, француздармен қатынасу қажет болса ол жұмыстарды балаларының мойынын жүктеген.

Франциядағы қазақтар жабық өздерімен өздері ғана араласатын орта құрған. Жоғарыда айтып өткендей, барлығы Париждегі екі отелде тұрған. Өзгелермен араласуды қаламаған. Тойларын, немесе атаулы күндерін, мейрамдарын тек өз іштерінде тойлап отырған. Олардың француздармен араласуына дін өзіндік кедергі келтірген. Себебі, олармен сұқбат барысында барлығының айтатыны өзге христиан бағытын ұстанған француздармен дастарқандас болудан қорықтық. Қазақтар «европалықтардың шошқа жейтіндігі, шарап ішкендері үшін араласудан жиіркендік және де француздармен сөйлесе алмайтынбыз, бізге жұмыс беріп отырғаннан кейін олар да бізге жоғарыдан төмен қарайтын еді» дегенді жиі айтты. Мәдени орындарға, мәдени іс-шараларға, сонымен қатар Франциядағы мейрамдарға аса қызығушылық танытпаған. Қазақтар үшін жұмыс істеп, ақша тауып, оны Түркияға жіберу маңызды болып табылған. Мысалы Кристимас мейрамы мұсылман мейрамы болып табылмағандықтан, оған мүлдем мән бермеген, бойларын аулақ ұстауға тырысқан.

Париж қазақтары бастапқыда өздері тұратын жерге жақын араптардың мешітіне барып тұрған. Уақыт өте арап мешіттеріне баруды тоқтатқан. Оған ол жерлерге баруды тоқтатуларына түрлі арап елдерінен келген масхабы бөлек

мұсылмандардың көп болуы себеп болған. Уақыт өте келе, түріктердің мешіттерін іздеп тапқан. Осылайша, тек түрік мешіттеріне баратын болған. Оған барудың басты себебі, уағыздың түсінікті тілде айтылуы және өздерінің Түркиядан келгендіктері болып табылады. Сонымен қатар, мешітте түріктер арқылы француз қоғамындағы проблемаларды білуге және оларды ортақтасып шешуге болатын орта есебінде қараған. Құжаттарды өткізу немесе алу, өзге де қажеттіліктер бойынша кеңестерді мешіттен де ала алатын болған. Қалай дегенмен де, түрік ұлты қазақтар үшін Франция қоғамына бейімделуде транзиттік роль атқарған.

Қазақтардың бір-бірімен араласуы көп жағдайда, діни мейрамдармен байланысты. Айт күндері бірін-бірі барып, қал сұрасып отырған. Еркектерден көрі әйелдер өзара жиі араласатын болған. Әйелдер бір үйге жиналып құран оқып отыруды әдетке айналдырған. Бұл негізінен түріктерден келген дәстүр. Қазақта әйел адам құран оқымайды. Баланы қырқынан шығару, шілдехана сынды кішігірім жиындарды өткізіп, әйелдер анда-санда жиналып тұрған. Бұндай жиындарға француздарды немесе Францияда бұрыннан тұрып келе жатқан өзге ұлттарды шақырмаған. Тек өз орталарында ғана өткізген.

Тәбәрік Догу 56 жас «Ешқайсысы Францияға келгеннен кейін оқу оқуға талпынбаған. Университет немесе колледж оқуға тырыспаған. Оған негізгі себептердің бірі, олардың Түркиядан алған тәрбиелері мен білімдері. Түркияға келген қазақтардың барлығы жоғары мектепті бітірмеген. Өздерінің айтуына қарағанда, бесінші сыныпты бітіргеннен кейін ата-аналары ұлдарды «имамхатиф<sup>9</sup>» сыныптарына беріп отырған. Ол жерлерде құранды оқып үйреніп, діни білім алған, ал қыздарды бесінші сыныптан кейін оқытпай, үй шаруасымен айналыстырған. Әйел балалардың уақытылы тұрмысқа шығуын қадағалаған. Осыған орай, олар Францияға келгеннен кейін, білім алуды негізгі құндылық есебінде қарастырмаған».

Францияға келген қазақтардың біраз бөлігі Түркиядан жүргенде үйленіп, үй болып келген. Ал, біршама бөлігі үйленбеген жас жігіттік шақтарында келген. Ағаларына ертіп кейбір қыз балаларды да жұмыс істеуге жіберген. Үйленбеген жігіттер Францияға келгеннен кейін жұмыспен уақыттарын өткізген, үйде қазақтан ғана қыз алу керек деген қағидамен өскен олар, Франциядан құжаттарын реттемейінше Түркияға бармаған және үйленбеген. Құжаттары реттелгеннен кейін ата-аналары таңдаған қыздарға үйленген.

Хусейін Аладағ 58 жас. «Мен өте кеш үйлендім. 20 жасымда Францияға келдім. Келгеннен кейін жұмысқа кірістік. Негізгі мақсатымыз екі жыл жұмыс істеп, Түркиядан үйді көтеру болатын. Содан кейін Түркияға қайтып, үйлену керек болатынын. Бірақ Түркиядан жұмыс реті келмеді, Францияда

<sup>9</sup>Түркиядан Имам Хатип мектептері орта мектеп болып табылады. (түрік тілінде: имам хатип лицейі, «хатип» арап тіліндегі хатиб сөзінен шыққан). Түркиядан «Ататүрік реформасының» бөлшегі ретінде білім беруді біріктіру заңының қабылдануына орай, мемлекеттік имамдарды оқыту кәсіптік медреселердің орынына осындай атаумен мектептер пайда болған еді.

жұмысымыз жақсы жүрді. Ал, Парижде қызбен араласуға уақыт жоқ еді. Француздармен араласуға болмайтын болды, олардың діні бөлек және тілін білмейтінбіз. Осылайша, құжат реттелгенше 8 жыл өтіп кетті. Елге барғаннан кейін, әке-шешеміз қыз қарастырып, маған ұсынды. Біз бір-бірімізді ұнатып, үйленуге бел шештік. Үйленгеннен кейін екеуміз Францияға келдік. Менің құжатым дұрыс болуына орай, әйелімнің құжатын жылдам реттедік».

Франция келген қазақ жігіттерінің көпшілігі кеш үйленген, себебі қағаздарының реттелуін немесе француз азаматтығын алуды күткен. Дегенмен араларында француздан әйел алғандары бар. Францияға ертеректе келген қазақтардың арасында тек екі жанұя ғана француздан әйел алған екен. Оның бірінің әйелі француз болса, екіншісінікі Францияда өскен алжирлік әйел. Осы екі жанұяның француз қоғамына бейімделуі басқалардан қараған жылдам жүргендігі байқалады. Яғни, олардың балалары университетке оқуға түскен. Балардың білімдеріне маңыз көбірек бөлінген.

Франция қазақтарының балалары түгелі француз мектептерінде оқыған. Францияда балаларды мектепке беруде ешқандай формальды қағаз толтыру немесе дәлелдемелерді талап етпейтін болған екен. Осы ауданда тұрады деген анықтамамен балаларды апарып, мектепке орналастыра берген. Балалардың мектепте оқуын толықтай қадағалау мүмкіндіктері болмаған. Жұмыста жүрулеріне байланысты балалар көбінесе өздері үйде жалғыз қала берген. Гүлсім Дазухан-Атила 34 жас. «Біз мектепке өзіміз барып, өзіміз келетінбіз. Мектептен келгеннен кейін үй тапсырмасын өзіміз орындайтынбыз. Мектепте оқу соншалықты қиын емес еді. Ата-анамыз анда санда барып біліп тұратын. Олар французша ұқпайтын болғандықтан, олар мектепке барып біздің жағдайымызды сұрауға құлықты болмады. Біздің университет оқуымызға қарсылық танытпады. Дегенмен, оқып жүргеннен гөрі уақытылы тұрмыс құруымызды жөн санайтын. Мен магистратураға түскен уақытымда, оқуды жалғастыра беруімді қатты құптамады».

Балалар мектепке барып, тілді біраз меңгеруі алғашқы келген қазақтардың көптеген мәселелерін шеше бастаған. Кішкене балалар тілмаш қызметін атқарған. Олар поштаға, емханаға, банкке, кейбір кездері құқық қорғау орындарына барып, ата-анасына көмек көрсеткен. Меслихан Гөкхан 32 жас «Кішкене кезімізде аудармашылық жасап 2ртүрлі жерге баратынбыз. Французша білгеннен бастап, ата-аналарымыз бізді ертіп мемлекеттік мекемелерге баратын болды. Біз үшін бұл өте ауыр болатын. Себебі, өзіміз небәрі 2-3 сынып оқитынбыз ал, ата-анамыз барған жердегі шешілетін мәселелер үлкендердің проблемаларын байланысты болатын. Кішкене балаға аудару өтке қиын соғатын. Дегенмен, жалпылама аударып бірдемелерді ұғынып қайтатынбыз. Ортамызда аудармашы болып ата-анасымен жүрмеген бала жоқ шығар деп ойлаймын. Барлығымыз ата-анамызға аудармашылық қызмет жасадық».

Мектепке Францияда барған қазақ балалары үшін француз қоғамына бейімделу үлкен проблема болып есептелмеген. Олар тілді кішкентайларынан еркін меңгереген. Француз қоғамына еркін араласып, еш қиындық көрмеген. Тек, мектеп қабырғасында өзіміздің кім екенімізді дәлелдеу қиын болды дейді.

Мәжиттің әйелі 52 жас. «Балаларымыз үйге жылап келді. Екеуі егіз болатын. Бізді қытайсыңдар деп айтты. «Әке-шешеміз Түркиядан келген, біз түрікпіз, түріктің ішінде қазақпыз деп едік, ешкім сенбеді. Бізді мазақтады», - деп екі балам үйге жылап келді. Келесі күні мектепке барып сөйлестім. Мен Францияда туып өскенмін, француз тілім жақсы. Мұғалімге барып, жанұямыздың тарихын айтып бердім. Ол кісі келесі жолы Қазақстан туралы біліп, балаларға айтып беруді уәде етті. Келесі сабақта барлық сыныпқа Қазақстан туралы мәлімет беріп, қазақ балаларының түрі қандай болатынын, ол мемлекет қандай екендігі туралы сабақ өткізіп берді. Осыдан кейін балаларымды ешкім мазақтамайтын болды».

Меслихан Гөкхан 32 жас және Гүлсім Дазухан-Атила 34 жас «Мектепте өзімізді түрікпіз деп таныстыратын едік, олар бізді түрікке түрлерін ұқсамайды қытайсыңдар деп мазақтайтын. Қазақ екенімізді айтып, түсіндіруге тырысатынбыз. Тура осындай проблема университеттің бірінші курсына түскенде де болып отырды. Французша қанша жақсы біліп тұрсақ та, біздің Түркиядан келуіміз оларға түсініксіздеу болатын. Түрлерін түрікке келмейді дейтін. Біз үнемі қазақ екенімізді, тарихымызды айтып түсіндіріп отыруымызға тура келетін. Осындағы мектепте оқыған барлық қазақтардың негізгі проблемасы осы «қазақ» екенін дәлелдеу болатын. Кейінгі жылдары қазақстанның аты жиі айтылатын болғандықтан, қазір көпшілігі біледі. Біздің балаларымызға айтарлықтай қиындықтар туып отырған жоқ».

### **Идентификация**

Жалпы Франциядағы Түркиядан көшіп барған қазақтарды 3 топқа бөліп қарастыруымызға болады.

1-топ. Ең алғаш болып Франция келген, қазір жастары 45 жастан жоғары азаматтарды жатқыза аламыз. Олардың көпшілігі өз араларында қазақша немесе түрікше сөйлеседі. Негізінен ауыз екі тілде қазақшалары басым болып келеді. Өздерін толықтай қазақ есебінде санап, қазақ екендіктерін үнемі айтып жүреді. Олар басқа қазақ көрсе руын сұрап, қайдан екенін білуге тырысып тұрады. Бұл топқа жататын азаматтар өз аталарының шежіресін біледі, Қазақстан жайында айтуға, Қазақстанмен мақтануға даяр тұрады. Ескі өлеңдерді айтады және тойларда кара жорға билейді. Өздерін Франциямен ешқандай байланыстыра алмайды. Француз тілін өте аз деңгейде біледі. Барлығы дерлік қазақ бірлестігіне жиі келуге онда бас қосуды қалап тұрады. Тойда, жиналған жерлерде қазақ салттардың орындалуына мән береді. Діни тұрғыдан өте діншіл. Қажыға бару олар үшін басты парыз. Францияның саяси өміріне араласпайды, бірақ

Түркияның саяси өмірінде болып жатқан оқиғалардан толықтай хабардар болып отырады.

2-топ. Олар Түркиядан мектепке баруларын бастап, кейінен мектепті Францияда оқып бітірген орта жастағы азаматтар. Олардың жас мөлшерлері 35-44 жас аралығын құрайды. Олардың барлығы дерлік өзара тек түрікше қарым-қатынас жасайды. Өмір салттары түріктерге жақын, араларында түрікке тұрмысқа шыққан немесе түріктен қыз алғандары алдыңғы буыннан қарағанда көп болып келеді. Францияда оқып, француз тілдері жетік болғанымен, араларында Түркияға көшіп, сол жақтан жұмыс тауып жатқандары көп. Оған себеп, Түркияның экономикасының күрт өсуімен қатар, Францияның экономикасының нашарлап, жұмыссыздықтың көбеюі болып отыр. Екі тілді меңгерген маман Түркиядан құнды маманға айналып, жоғары жалақы алауға немесе жеке кәсібін жылдам дамытуға мүмкіндік алады. Түркиядан болып жатқан саяси оқиғаларға алаңдаушылық білдіреді, Францияның күнделікті саяси өмірінде болып жатқан оқиғалардан хабардар болып келеді. Олар Қазақстан жөнінде аз біледі, өздерін жұмыста және басқа ортада тек түрік ретінде таныстырады. Еркектерінің барлығы дерлік түрік футбол командаларының жан күйері болып табылады. Аса діншіл болып табылмайды. Қазақи салт-дәстүрлерді ұстануға құлықты емес.

3-топ. Олар Францияда туып өскен азаматтар. Өздерін Франция азаматы ретінде танитын жастар. Олардың жас мөлшері 1 – 34 жас аралығына жатқызуға болады. Бұл топ өз араларында француз тілінде ғана сөйлеседі. Түрікше ауызекі тілде жақсы сөйлейді, бірақ түрік тілінде жаза алмайды және әдеби немесе ғылыми тілді түсінбейді. Түрік тілінде газет журналдар оқып, Түркиядан болып жатқан саяси оқиғалар оларды қызықтырмайды. Түрік тілі оларға тек ата-аналарымен байланысу, яғни жанұялық қатынас құралы ретінде ғана қажет. Өздерін көп жағдайда француз ретінде идентификациялайды. Дегенмен, түріктік дәстүрге жақын. Достарының көпшілігі француздар болып келетіндігін айтты. Метин Тастемір 27 жас «Мен Францияда туылдым, осында өсіп келе жатырмын. Бұнда бөлінушілікке жол жоқ. Бізден үлкендер мектепте қиыншылық көргендерін айтады. Бізде ондай қиыншылық болмады. Біздер қаралармен де, сарылармен де барлығымен бірге болғандықтан, дискриминация мәселесін көрмедік. Түркияға кетіп, ол жақта жұмыс істеу ойымда жоқ. Жалпы Франциядан ешқайда кетуді ойламаппын». Ясин Атылған 27 жас «Мен өзімді француз ретінде санаймын. Бірақ өз ішімізде қазақ екенімізді білемін. «Францияда ешкім сен кімсің, сенің ұлтың қандай?» деген сұрақтарды көп қоймайды. Кішкене кезімнен спортқа әуес болдым. Футбол ойнадым. Тек Франция үшін жарыстарға қатынасатынымын. Францияда өзге ұлттар көп, сондықтан әртекті болуға көзіміз үйренген. Французша жақсы сөйлеп тұрса, яғни француз елінің азаматы деп түсіне береміз. Дос қызым бар ол француз. Бірақ мен Түркияның футбол клубтарын жақтаймын. Ол маған әкемнен жұққан ау деп ойлаймын және жаз

болса біз кішкентай кезімізден Түркияға баратынбыз, сондықтан болар, Түркияның клубтарын жақтаймын».

Жалпы аталған үш топ расындағы байланыстар біркелкі деп айта алмаймыз. Алғашқы топтың қазақи болмысы басым болса, екінші топтың түріктік болмысы жоғары, ал үшінші топ француздық болмысты көбірек сіңірген. Яғни қандай мемлекетте болмасын, үшінші ұрпақ сол мемлекеттің азаматына толықтай айналатынының дәлелі.

### **Білім.**

Франция қазақтарының білім деңгейлері мен қазіргі кездегі балаларының білім деңгейі біркелкі емес. Францияға келген қазақтардың барлығы дерлік жоғары білімісіз азаматтар. Олар Түркияда тек 5-сыныпты немесе жоғары сыныпты ғана бітірген. Көпшілігі 5 сыныпты оқығаннан кейін, дін оқуларын жалғастырған. Барлығының дін оқуына ата-аналары себеп болған. Бірақ, діни оқуларын барлығы дерлік толықтай аяқтамаған. Олар бал кездерінде, яғни жұмысқа жарамды жеткіншектердің барлығы қой бағумен, теріден әр түрлі заттар жасаумен, қора-қопсы салумен айналысып кеткен. Қыз балалардың көпшілігі 5, 6 сыныптан кейін, діни сабақтар алған, олар ертерек тұрмыс құрып, білім алуға, оқуларын жалғастыруға мүмкіндіктері болмаған, Жалпы Түркиядан келген қазақтардың білімге деген құштарлықтарын ата-аналары қолдамаған. Францияға келген кезде олардың барлығы білім алуды мақсат тұтпағандықтан, ешқайсысы университет немесе колледж оқуға талпынбаған. Олардың жастары қазіргі күні егде тартқан.

Ал, 35-44 жас аралығындағы қазақтар жартылай Түркиядан жартылай Францияда оқыған азаматтар болып табылады. Олардың арасында Францияда лицей бітіргендері көп. Бірақ университетте оқымаған. Себебі, олардың көпшілігі лицейде оқып жүргенде оқудан қиналған немесе өздерін француз қоғамына сіңісе алмаған. Білімдерін университетте немесе колледжде жалғастырғаннан гөрі жұмыс істеуді қалаған. Осылайша, көпшілігі қызмет ету саласында жұмыстарын бастап кеткен.

Жастардың жағдайы алдыңғы топтарға қарағанда мүлдем бөлек. Олардың барлығы дерлік Францияда білім алған және жоғары білім алуға деген құштарлықтары бар. Ата-аналары да олардың білім алуына қарсылық танытпайды, себебі олар француздардың білімге қоятын талаптары мен оның қажеттіліктерін түсінген. Балаларының француздармен қатар деңгейде жұмыс істей алу үшін жоғары білімнің, белгілі бір кәсіп иесі болуы қажеттілігін біле бастаған. Дегенмен, бұл ретте, Франциядағы қазақтардың ұлдар мен қыздардың білім алуына тең қарамайтыны байқалады. Кейінгі кездері, қыздарының ары қарай білімдерін жалғастыруын құптайтын жанұялар көбейген. Университетте оқып жүрген және университетте оқуын жалғастыруға ниетті жастардың көпшілігі қыздар болып келеді. Ал ұлдардың көпшілігі мектеп бітіргеннен кейін

жұмысқа тұруды басты мақсат етіп қойған. Мысалы, Ясин Атылған 27 жас «Мен Францияда мектеп бітірдім. Бітіргеннен кейін жалпы сынаққа кірдім. Сол емтиханның нәтижесіне байланысты әртүрлі оқу орындарын тапсыруға мүмкіндік алдым. Қазақ балаларының көбі мектеп бітіргеннен кейін университетке емес, үздіксіз білім беру орталықтарына тапсырғанды жөн санайды. Ол оқу орынына тапсыру үшін де белгілі бал жинақтауыңыз керек. Мен өзім қызмет көрсету саласы бойынша оқуға түстім. Оқуға түскен уақытта сізге жұмыс орынын іздестіріп, жұмысқа тұрғызады. Яғни жұмыс орыныңыз оқуыңыздың жарты ақшасын төлейді. Осылайша сіз оқу оқисыз және білім аласыз. Мен қызмет көрсету саласы бойынша, аяқ киім жөндеу, кілт жасау, мөрлер басып шығару, ұсақ заттарға жөндеу жүргізу сияқты пәндерді оқыдым. Екі апта оқу оқимыз, екі апта жұмыс істейміз. Оқуды бітіргеннен кейін диплом беріледі. Мен аяқ киім жөндеу және мөр жасау орталығында екі жыл жұмыс жасай жүріп оқыдым».

Енес Сердар 25 жасында. «Мен де Парижде дүниеге келдім. Осында мектепке бардым. Мектеп бітіргеннен кейін. Кәсіптік оқыту орынын таңдадым. Балым бойынша электрик оқуына түстім, Бұл жерде де жұмыс орыным менің жарты оқуымды өтеп отырды. Екі апта оқу, екі апта жұмыс, әрі ақшаң болады, әрі жұмысың бар. Университетке барсаң тек стипендия алу мүмкіндігің ғана болады. Бірден ақша тауып, еркін өзіңмен өзің жұмыс істеп кете алмайсың. Сондықтан мен университетке баруды жөн санамадым. Жалпы жиыны кәсіптік мектепте 4 жыл оқыдым. Алғашында үй ішіндегі электр жүйелерін 2 жыл оқыдым, кейінен үлкен ғимараттардағы электр жүйесі бойынша оқуымды тағы жалғастырып, 2 жыл қосымша білім алдым. Қазір құрылыс компаниясында электр механигі болып жұмыс істеймін. Университетке барып оқығым келмейді. Кәсіптік білім алып та ақша табуға болады деп ойлаймын».

Молкан Атылған 35 жас. «Мектеп қабырғасын осында, яғни Францияда аттадым. Мектепті жақсы бітіріп шықтым. Университетке барудан көрі, үздіксіз білім беру кәсіби мектебін таңдадым. Алғашында бухгалтерия мамандығын оқыдым. Бірақ, ол мамандық бойынша жұмыс табуда көп қиындықтарға тап болдым. Жұмыс таппадым, етік жөндеу орынында жұмыс істей бастадым. Кейіннен университетке емес, балым бойынша үздіксіз білім беру мектебіне құқық саласын таңдап, оны да оқып бітірдім. Бірақ, ол мамандық бойынша да жұмыс істей алмадым, себебі ол салада жоғарғы білім қажет болды. Бірақ бұл мамандықтарды босқа оқымаппын, мен өз кәсібімді ашуда, еш қиындық көрмедім. Заңдық жүйесі мен оның есеп мәселесін ешкімге жалынбай, құжаттарын өзім жасап шықтым».

Қазақ қыздарының арасында университет бітіріп, магистр дәрежелерін алған екі қыз бар. Олар Гүлсім Атилла және Меслихан. Гүлсім Атилла ол Париж-Декарт университетінде құқықтану саласы бойынша бакалавр дәрежесін алған. Одан кейін, Школа профессионального обучения Парижского апелляционного

суда оқу орынының «жеке меншік құқығы» және «халықаралық құқық» мамандықтары бойынша магистратурасын тәмамдаған, ал Меслихан Гөкхан болса, Париждің 8-университетін психология мамандығы бойынша бітірген. Сонымен қатар, Париждегі ең ірі университеттердің бірі Пьер және Марри Кюри университетінің «Психология» және «Психомоторика» мамандығы бойынша магистратура бітірген. Бірнеше ер балалар университеттің 1-2 курс студенттері болып табылады екен. Бірақ олардың саны өте аз.

Франциядағы қазақтардың балалары барлығы дерлік мектепке барады. Францияда орта мектепке бару заңмен міндеттелген. Осыған орай, олардың барлығы дерлік мектепті бітірген болып саналады. Қазақ жанұялары балаларына тек зайырлы білімді алуын ғана мақсат тұтпайды. Олардың барлығы дерлік жас шығысымен балаларын Түркияға жаздық діни мектептерде оқытады. Діни мектепке бармаған бала жоқтың қасы. Олардың барлығы өскенге дейін құран мектептеріне баруға тиісті. Ата-аналары оны қатты қадағалайды.

Мұстафа мырзаның қызы Елдер 17 жас Метин Тасдемир 25 жас. «Біз 6-7 оқып жүргенде жаз сайын Түркияға бару міндеттеледі. Тек жай қыдыруға ғана бармаймыз. Ол жерде біз құран мектептеріне бардық. Туыстарымыздың үйінде жатып оқыдық. Ата-анамыз біздің намаз үйреніп, құран біліп қайтуымызды міндеттеді. Біз бұны жақсы бір дәстүр деп ойлаймыз. Егер бізді осындай жазғы мектептерге бермегенде біз құранды үйрене алмайтын едік деп ойлаймыз».

Ал, Түркияға балаларын жібере алмаған отбасылар, балаларын Париждегі түрік мешітінің жанында жазда ашылған құран курстарына жіберуге тырысады. Олардың ол жерлерге баруын мұқият қадағалайды.

Жалпы қазақ балаларының білім сапасы өзге сыныптастарынан төмендеу болатынын жастар жасырмай айтты. Оған себеп болып отырған басты жағдай ата-аналарының берілген тапсырмаларды ұқпауымен байланыстыруға болады. Үйге берілген тапсырмаларды барлық ата-аналар балаларымен бірге отырып, қарай алмаған. Гүлсім Меслихан 32 жас. «Мен университетке өзім жанталасып жүріп түстім. Оқуға түсу оңай болмады. Ата-анам қолдау көрсетті, оқуға түсуіме қарсы болмады. Дегенмен, Франциядағы қазақ балаларының жоғары университетке бармауын, олардың көпшілігінің оқу деңгейлерінің төмен болуын тек ата-аналармен байланыстыратын едім. Себебі, біз оқып жүрген кезімізде ата-аналарымызды күні бойын көрмейтінбіз. Олар үнемі жұмыста болатын. Кешкісін шаршап келетін, кей кездері олар келгенге дейін біз ұйықтап та қалатын едік. Біздің жанұя ғана емес бұндай жағдай барлық қазақ жанұяларында болды деп ойлаймын. Себебі олардың барлығы бір жерде жұмыс істеген болатын. Екінші бір мәселе, олар біздің сабақтарымызды қадағалай алмады, мұғалімдерге барып, біздің жағдайымызға байланысты еркін сөйлесе алмайды. Ата-аналарымыз мұғалімдерге барған уақытта өзіміз аудармашы болатын кездер көп болатын. Қадағалаудың төмендігі және ата-аналардың балалармен бірлесе отырып сабақ қарай алмауынан қазақ балаларының білім сапасы француздардан қарағанда сәл



төмен болатын. Арасында тек өздігінен білімпаз балалар ғана университеттерге түсіп, оқуларын жалғастыра алды деп айта алар едім».

Ал, жаңадан жанұя құрған жастардың балалары өзгеше. Олар білімге назар аударуда. Себебі, өздері француз тілін жетік меңгерген және француз менталитетінде өсіп жетілген. Жас қазақ отбасылары «Балаларының біліміне ерекше мән беретіндіктерін, егер, балалары университетте білім алар болса, француздармен тең қатарлы жұмыс істей алатындығын және жалақылары да жоғары болатындығын, тіпті Францияда жұмыс таппаған жағдайда, Европада алған білімдерімен Түркияда жеңіл жұмыс табуға болатындығын айтып өтті.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі балалардың барлығы балабақшаларға, мектеп жасындағы балалар мектепке барады. Білімнің қажеттілігін барлық қазақ жанұялары түсінген. Алдыңғы буын да білімнің керек екендігін ұғынып, білім ауға аса көп қарсылық білдірмейтін болған.

### **Жұмыспен қамтылуы немесе кәсіптері**

Алғаш келген ер азаматтардың барлығы тек теріден тон, курткалар және де өзге тері киімдерін тігумен ғана айналысқан. Басқа кәсіппен айналысқаны болмаған. Барлығы дерлік Париждегі бірнеше тігін цехында жұмыс атқарған. Әйелдер арасында трикотаж саласында тігін тіккендері бар. Олардың қандай салаларда жұмыс істегені жөнінде арнайы статистика жоқ. Барлығын өз ауыздарынан естігенді жазуға тура келді. Париж қазақтарының 1990 жылдарға дейін кәсіптері тек тігіншілік болған. Басқа кәсіппен айналысудың жөнін білмеген және басқа кәсіптермен айналысудан қорыққан. Араларында өздерінің ательесін ашып, жеке кәсіппен айналысуға тырысқандары болған. Дегенмен, тіл, заң және есеп-қисапты жүргізуде қиыншылықтарға ұрынып, жабуға тура келген. Өздерінің құжаттары дұрыс болмағандықтан, олар жергілікті француздардың атына жеке кәсіптер ашып, бірлесіп жұмыс істеуге мәжбүр болған. Мысалы, Сания Шәкәрбай 61 жас. «Біз түріктер арқылы бір французбен жұмыс істеуге келістік. Орын іздеп тауып, ателье аштық. Француз барлық құжаттық жұмыстарға, келісім-шарт жасау сынды ресми мәселелерге жауапты болды да ал біз, тондарды тігіп, оны нарыққа шығаруға тиісті болған едік. Алғашында жұмысымыз жаман жүрмеді. Уақыт өте келе, француз келісім-шарт, ресми орындарға бару, құжаттарды рәсімдеу сияқты мәселелерге келгенде икемсіз болып шықты. Дайын өнімді заңды түрде өткізуге мүмкіндігіміз азайғаннан кейін, онымен жұмыс істеуді тоқтатып, қайта француздардың тігін цехтарына кіріп, өзгеге жалдануымызға тура келді». Жамила Исмаил 58 жас. «Жолдасым екеуміз бірігіп, ателье аштық. Жұмысымыз жақсы жүрді. Бірақ біз оны кештеу ашып қалдық. Кейіннен қытай тауарлары қаптап, біздің ұсынған бағамыз тым жоғары болып көрінді. Халық та арзанына жүгіріп, ашқан кәсібіміздің пайдасы күннен күнге азая түсті, содан кейін жабуымызға тура келді».

Франция қазақтарының кәсібі тек 1990 жылдардан кейін ғана өзгере бастаған. Францияға қытайлардың көптеп келуі, жұмыстарын өзгертуге мәжбүрлей бастаған<sup>10</sup>.

Яшар Динч 69 жас. «Қытайлар қаптап келгенге дейін, біз әрбір тіккен тонымызға 50 франкке дейін ақша алатынбыз. Яғни бір күнде бірнеше тон тігіп жақсы жалақы алуға мүмкіндігіміз бар еді. Соңғы жылдары қытайлар Францияның еңбек нарығына өздерін өте арзан күш ретінде танытып, тым арзан бағаға тіге бастады. Бізге де еріксіз тон тігу бағамызды түсіруімізге тура келді. Үлкен ақшаға тон тігіп үйреніп қалған біздер үшін бұл ауыр тиді, бірақ цех иелері қытайларды жұмысқа алып, істегілеріңіз келмесе, бара беріңіздер дегенді айтты. Осыдан бастап, қазақтар басқа да жұмыстарды іздей бастады». Бүгінгі күні тігінмен айналысып қалған адамдар саны өте аз. Олардың өзі, тігумен емес, тері өңдеумен, пішумен ғана айналысады.

Жалпы Францияның экономикалық жағдайының өзгеруі, технологияның қарқынды дамуы қазақтардың кәсіптерінің өзгеруіне әсер еткен. Сонымен қатар, қытай тауарларының Франция нарығына дендеп енуі, француз фабрикаларының Қытай, Комбоджа, Вьетнам сияқты арзан еңбек күші бар елдерге көшуі сынды үлкен өзгерістер қазақтардың тігінмен айналысуын тоқтатқан. Қазақтар бүгінгі күні әртүрлі салада жұмыс істейді деп айта алмаймыз, қазақтар арасында біреуі белгілі бір қызметтен орын тапса, туыс болып табылатын қазақтың барлығын сол жерге жұмысқа тарту дәстүрі әлі де жалғасуда. Яғни туыстық қатынас олардың кәсіптерінің дамымауына, жиі өзгермеуіне әсерін тигізіп отыр. Париждегі қазақтармен сұқбаттаса келе, 40 тан аса қазақ Шарльде Голь әуежайында жұмыс істейтіні белгілі болды. Олардың көпшілігі жүк тасымалы бөлімінде, біразы тазалық бөлімдерінде жұмыс жасап жатыр. Барлығы дерлік қызмет көрсету бөлімшелерінде жұмыста, арнайы мамандар болып табылмайды. Франция қазақтарының тағы бір тобы «Убер» таксиде жұмыс жасауды игерген. Машина жүргізу лицензия алғандары кейінгі кездері, осы «Убер» таксиге тіркеліп, сол арқылы күн көріп отыр. Бірақ, «Уберге» тіркелгендер саны көбейіп, бұл кәсіп те айтарлықтай қаражат көзі табылмай отырған көрінеді.

Қазақтардың үлкен және орта буыны жеке кәсіптерін ашпаған, олардың барлығы дерлік фирмаларда немесе кәсіпорындарда жұмыс жасауда. Кейінгі жастардың арасында өз істерін ашып, жаңа кәсіптерді игендері бар. Университет бітірген екі қыз өз мамандықтары бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жеке компанияларын ашқан. Жоғарыда аталған Гүлсім Атилла өзінің адвокаттық конторасын ашқан екен. Қазір жергілікті халыққа құқықтық кеңес беріп, әртүрлі құқықтық мәселелермен айналысатын көрінеді. Ал, психолог Меслихан Гөкхан болса, өзінің психологиялық кеңес беру кабинетін ашқан. Ол онда моторикалық жағынан дамуы кенжелеп қалған балаларға және олардың ата-аналарына

---

<sup>10</sup> Carine Guerassimoff. The New Chinese Migrants in France. International migration. Volume41, Issue3 September 2003, Pages 135-154.

психологиялық кеңес берумен айналысады. Негізгі клиенттері француздар екендігін айтты. Ол «Қазақ немесе басқа ұлттардан клиенттеріміз жоқ, себебі оларда психологқа келу, олардан кеңес алу мәдениеті қалыптаспаған деп» айтып өтті.

Үздіксіз кәсіптік білім беру мектептерін бітірген Атылған жанұясының екі ұлы өз кәсіптерін ашып, жақсы жұмыс жүргізіп отыр. Волкан Атылғанның «Атылған» атты аяқкиім, сөмке, замок, қолшатыр жөндейтін ательесі бар. Ал, оның інісі Ясин «Автограф» мөр шығаратын, табличкалар жасайтын және полиграфиялық өзге де қызметтер көрсету орталығын ашқан. Екеуінің де жеке кәсіптері Пармонтьер ауданында орналасқан. Екеуі бір-біріне жақын орналасқандықтан, екі жерде де бір қызметтерді қатар ұсынады. Яғни аяқ киім жөндеуді «Автограф» кәсіпорыны да қабылдап, «Атылған» цехына жөнелте береді, ал сәйкесінше «Атылған» дүңгіршегі полиграфиялық және мөр жасау, тақтайшалар жасау қызметін халыққа ұсынып, бауырының тапсырысын арттырып отырады. Яғни екі кәсіпорын бір-біріне байланыстырылған. Соңғы жылдары жастардың көпшілігі құрылыста жұмыс жасайтындықтарын айтты. Бұған құрылыс компанияларында жалақының жоғары болуы және қазақ жастарының бірін-бірі тартып, таныс құрылыс компаниясын жұмысқа тұруы себеп болып отыр.

Мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтын қазақ балаларын кездестірмедім. Араларында мемлекеттік автобус компаниясында жұмыс жасайтын бір жігітті кездестірдім. Ол мектеп бітіргеннен кейін, жүргізушілік оқуға кетіп, бірнеше тест тапсырып жүріп Париж қаласының қоғамдық көлікпен қамтамасыз ететін компанияға жұмысқа тұрған.

Әйелдердің көпшілігі тігіншілік азайғаннан бері үй қызметінде. Тек аздаған бөлігі әлі ғана тігіншілікпен айналысатын көрінеді. Олардың өзі толық жұмыспен қамтылмаған. Бірақ араларында кейбірі соңғы жылдары бала күтушілікпен кәсібіне көшіпті. Мысалы Нұржан Тастемир 53 жас ол кісі тігіншілік жұмыстан қысқарғаннан кейін жаңа жұмыс іздеген. Жұмыспен қамту орындары ол кісіге үйде бала күту (бала күтуші) жұмысымен айналысуды ұсынған. Ол үшін ол кісі арнайы бала тәрбиесі курсына барып 1 жыл оқыған. Емтихан тапсырып, бала күту бойынша куәлік алған. Куәлік алғаннан кейін өзі тұратын ауданның 4 баласын үйінде баққан. Мемлекет бала баққаны үшін айына 700 евро төлейді. Нұржан апайға бұл кәсіпті игеруіне француз тілін аздап болсын білуі әсер еткен. Қалған қазақ әйелдері француз тілін жетік білмегендіктері үшін және тұратын үйлерінің шаршы көлемінің кішкентай болуына байланысты бұндай кәсіппен айналыса алмаған. Ал, Нұржан апайдың 4 баласы болуына орай, бөлме саны көп болған. Сондықтан өкімет ол кісіге күндіз бала бағуына рұқсат берген екен. Бұл Франциядағы қазақ әйелдері арасында жаңа енген кәсіп болып табылады.

Алғашқы келген қазақтардың арасында зейнетке шығып үлгергендері де бар. Әйелдерге өкімет балаларының санына орай, әрқалай зейнетақы төлейді. Ерлері әйелдерінен төмен зейнетақы алатындықтарын айтты. Себебі, олар тігін цехында формалды түрде ең төменгі жалақыны көрсетіп жұмыс істей берген. Қазақтар көп салық төлемес үшін тек төменгі жалақыны ресми түрде рәсімдеп, қалғанын қолдарына ақшалай алып отырған, бұл цех басшыларына да ыңғайлы болған, олар өкіметке аз салық төлеген. Зейнет жасына келген уақытта мемлекет тарапынан төменгі жалақының мөлшері есептеліп, небәрі 500 евро көлемінде ғана зейнетақы алып отырғандары көп. Араларында тіпті зейнетақылары 300 евро ғана болатындары бар.

Қалай дегенмен де қазақтар әртүрлі салаларда жұмыс істейді деп айтуға келмейді. Париждегі қазақтардың өз санауы бойынша Парижде 1500 де аса Түркиядан көшіп келген қазақтар тұратын көрінеді. Осынша адам бірнеше ғана түрлі жұмыстарда іс атқаруда. Жалпы бұл олардың өмірлерінде туыстық қатынастарының тым мығым болуынан туындап отыр. Яғни туыстары қандай іспен айналысса, одан кейінгі ұрпақ немесе жақын туыстары толықтай сол кәсіппен ғана айналысады. Жұмысқа тұру барысында аздаған дискриминациялық әрекеттер байқалып қалатындығын да жасырмады. Еңбек нарығында бірінші орында француздар мемлекеттік және ірі компанияларға орналасатындығы жасырын емес екен. Ал француздық жұмыс берушілер кейінгі кездері иммигранттарды жұмысқа алуға құлықты емес.

### **Діни ұстанымдары**

Жалпы Франциядағы қазақтар діндар болып келеді. Олардың өмірінде дін негізгі орындардың біріне айналған. Барлығы Ханифа<sup>11</sup> мазхабын ұстанушылар «Біз үшін дін өте маңызды. Себебі, әке шешеміз дінімізді ұстануымызды қатты тапсырып кетті. Әлі күнге дейін көзі тірі үлкендеріміз дінімізді ұмытпауымызды, оны сақтап өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдыруымызды айтып отырады. Әкешелеріміз Қытаймен дінін сақтап қалу үшін соғысқан, дінін жалғастыру үшін Түркияға келген. Олар талай қиыншылық көріп, әртүрлі мемлекетте қаңғып жүріп діндерін сақтады. Енді біз бейбіт заманда оны сақтауды, дінді ұстануды жалғастыра алмауымыз ұят» деп санайды. Францияның қазақтарының көпшілігінің түсінігі осылай болып келеді, яғни ата-бабалары дінді сақтау үшін Қытайдан қашқан, сондықтан дінді сақтау олардың негізі парызы іспеттес. Дегенмен дінді ұстануларына қарай оларды екі топқа бөлуімізге болады. Яғни либерал діндарлар, көбінесе ер адамдарды жатқызуымызға болады. Олар күнделікті өмірде дұға жасау, намаз қылу сияқты діни жоралғыларды қатаң ұстанбайды. Екінші кезекте, догматты діндарлар. Олар үшін діннің негізгі қағидаларын орындау маңызды. Киелі деп танылатын діни практикаларды орындауға бар күштерін салушылар. Бұл топқа негізінен жасы үлкен әйелдерді

---

<sup>11</sup> Имама Ағзам Абу Ханифаның діни мектебі

жатқызуымызға болады<sup>12</sup>. Әйел адамдардың дінге жақын болуын олардың қоғамдық істерге көп араластырылмауымен түсіндіруге болады. Әйел адамдарының негізгі орта табуы, бір-бірімен араласуы, бас қосулары діни негізде болып келеді. Яғни, әйелдер жиі бас қосып, құран оқиды «Mukabele<sup>13</sup>» қылады. Діни мейрамдардың алдында жиылып, дайындық жасайды, осылайша әйелдердің жиі жиналуына діннің өз септігі бар. Франция қазақтары әйелдері үшін дін әлеуметтенудің негізгі құралына айналған.

Франция қазақтарының басын қосушы, оларды біріктіруші, әлеуметтік орта құруда діннің рөлі басым. Олар рамазан айында Керей ішіндегі ірі рулық бірлестікке жататын жанұялардың бірігіп қатым түсіру<sup>14</sup>, ауыз ашар<sup>15</sup> беру, «Халаллашмақ<sup>16</sup>» тамағын беру сынды діни жоралғыларды жиі жасап тұрады.

Франциядағы қазақтар үшін қажылыққа бару өте маңызды және оған арнайы қаражат жинаудан, артық жұмыс істеуден бас тартпайды. Қазақстандағы сияқты емес, Франциядағы қазақтар қажылыққа әйелдерімен бірге бару дәстүрі қалыптасқан. Яғни, әйелімен бару жөн болып саналады. Париж қазақтарының айтуынша «Қажылыққа баруға мөлшермен 4500 евро шығындалады. Франциядан қажылыққа бару Түркиядан барудан гөрі көп жеңіл болып саналады, себебі Түркияда қажылыққа бару үшін бірнеше жыл кезекке тұруың қажет. Түркияда кезегің келіп, квотаға ілінген жағдайда ғана қажылыққа баруға рұқсат аласың, ал Францияда мұсылмандардың салыстырмалы деңгейде көп болмауы қазақтардың қажылыққа бару сапарын жеңілдетеді. Қажылыққа бару арнайы діни туризмге бағытталған компаниялар арқылы жүзеге асырылады, қазақтар көбінесе түріктердің компаниялары арқылы баруға тырысады, бұған себеп, баратын адамдардың барлығының мазхабы бір және тілдік проблеманың болмауында». Биыл жылы Франция қазақтары арасынан 12 адам қажылыққа аттанды, кетпестен бұрын Париждегі қазақтардың барлығын жинап, «Халаллашмақ» жасап, құран оқытты. Жалпы олардың діни ұстанымдарына Түркияның әсерінің қатты болғандығы байқалып тұрады. Күнделікті діни практикалары да Қазақстандық қазақтардан гөрі түріктердің діни практикасына жақын. Тіпті өздерінің қатымдарына құран оқытуға, немесе қатымды басқаруға түрік молдаларын шақырады. Өз араларында құранды жақсы оқитын, шариғатты жақсы білетін адамдар бар болса да, түріктерден келіп құран оқу шарт болып қалыптасып кеткен.

Жастар діншіл деп айтуға келмейді. Бірақ барлығы дерлік құранның негізгі сүрелерін жатқа біледі. Бірақ, бұл күндері олар намаз оқып, дінге берілген емес. Қатым кезінде жастарды діни практиканы жүзеге асыруға бейімдеп оларға

<sup>12</sup> Cemile Zehra Köroğlu. Türkiye’de dini hayatın incelenmesi: Bütüncül bir yaklaşım gümüşane üniversitesi ilahiyat fakültesi dergisi 2012/2, C. 1, Sayı: 2.

<sup>13</sup> Құранды дауыстап оқу

<sup>14</sup> Адам өлгеннен кейін 40 күндік немесе жылдығында еске алатын діни рәсім.

<sup>15</sup> Рамазан айындағы кешкілік тамақ ішу

<sup>16</sup> Қажыға барар алдында бата алу үшін қонақ шақыру.

ықылас сүресін оқытады. Бірнеше жас балалар қатар отырып, кезекпе кезек ықылас сүресін оқып шығып, соңынан үлкендер дұға жасайды. Бұндай діни практика Қазақстанда көп қолданылмайды.

Жалпы Франция қазақтары арасында діннің ұлттық идентификациядан жоғары тұратындығы байқалады. Бастапқыға мұсылманшылықты одан кейін, барып қазақ немесе түрік идентификациялары қойылады.

## Дастархан

Ұлттардың идентификациялауда негізгі белгілер ретінде тіл, киім үлгісі немесе физикалық түрінің ұқсастығын қарастырамыз. Дегенмен, қазіргі таңда киім үлгісі ұлттарды ажыратуда негізгі белгі болып табылмайтындығы белгілі. Ұлттың ерекшелігінің бірі ол оның күнделікті өмір салтымен қатар, дастарханы болып табылады. Осы ретте біз, Франция қазақтарының дастарханына да мән беруге тырыстық.

Париж қазақтарының дастарханы біршама өзгеріске түскен. Қазақи дастарханнан көрі түрік, европалық дастарханға ауысқанын көруге болады. Күнделікті дастарханы көп жағдайда европалық деп айтсақ болады. Таңғы ас нан, қуырылған жұмыртқа, сары май және ірімшік. Ал түскі ас сорпадан тұрады. Сорпалардың барлығы дерлік түрік сорпалары болып келеді. Тек ет асқан жағдайда ғана, сорпасына кеспе салып көже жасайды. Ал үлкен жиындарда, яғни қатым, ауызашар немесе той дастархандары өзгешелеу болып келеді. Қатым мен ауызашар дастарханы өзгеріссіз бір-біріне қатты ұқсайды. Онда берілетін негізгі астың атауы «Тиркари<sup>17</sup>». Оны қазақтар Пакистан жерлерінен өздеріне сіңірген. Оны өздері сулы тамақ деп атайды. Тиркаридің жасалуына келер болсақ, ет үлкен болып туралып, қазанға қуырылады. Еттің астына сарымсақ, баклажан, бұрыш және жасыл бұрыш бірлесіп қуырылып еттің астына салынып бірге қуырылады. Тиркариді ортаға қоймас бұрын, нанмен бірге жемістер, туралған қарбыз бен қауын қойылады. Ал, қатым мен ауызашардың шай дастарханына баклава, және бірнеше түрлі пирогтар және бауырсақ қойылып сүтпен шай таратылады.

Франция қазақтарының Айт<sup>18</sup> мейрамдарындағы үйлеріндегі дастарқан біртекті болып келеді. Дастарханның негізгі тамақ Қазақстандағы сияқты шелпек<sup>19</sup> пен бауырсақ<sup>20</sup>. Қалғаны толықтай түрік тамақтарымен дастархан толықтырылады. Мысалы, бөрек<sup>21</sup>, лағмажун<sup>22</sup>, баклава<sup>23</sup>, сарма<sup>24</sup>, сонымен қатар, дастарханға сары май қойылады екен. Барлығы бір ауыздан әке-

<sup>17</sup> Қуырылған жемістер мен еттен тұратын пакистан тамағы.

<sup>18</sup> Қазақтар Эйд мейрамын Айт деп атайды. Эйд - мұсылмандардың діни мейрамы.

<sup>19</sup> Дөңгелек пішіндегі ұннан жасалатын қазақтың ұлттық тағамы

<sup>20</sup> Ашыған ұннан жасалатын қақатың ұлттық тағамы.

<sup>21</sup> Ішіне әртүрлі қоспалар қосылған қатпарлы наннан жасалатын ұлттық түрік бәліші.

<sup>22</sup> Бетіне болгар бұрышы, қызанақ және тартылған ет жағылып, пісірілетін араб тағамы.

<sup>23</sup> Жаңғақ үгіндісі мен тәтті тосап қосылған қатпарлы наннан жасалатын шығыстың тәтті тағамы.

<sup>24</sup> Жүзім жапырақтарына тартылған ет немесе күріш салынып оралатын түрік тағамы.

шешелеріміз сары майсыз қонақ күтілмейді, сондықтан оны ешқашан дастарқаннан алмаймыз дегенді айтты. Тіпті ешкім жемесе де тұруы тиіс екен. Сүтті шәй беріледі. Әркім өз үйінде болған кезде, сүтті шайға тұз салып ішеді. Тіпті, жастары да шәйді тұзбен ішуге үйренген. Яғни, Моңғолия, Қытай қазақтарының шай демдеуіне жақын.

Қандай жиын болса да, негізгі астың даярлануына аса маңыз беріледі. Әсіресе, еттің пісуі мен дәміне көп көңіл бөлінеді. Дастарханның жақсы жасалуы, ондағы тамақтың мол болуы, дәмді болуы қонақ шақырып отырған жанұяның әлеуметтік статусын, басқа қазақтар алдында беделін көрсететін көрсетеді. Қатым немесе той барысында кемшіліктердің болмауына иелері қатты алаңдайды. Бұндай көрініс тек Франция қазақтарына ғана емес жалпы қазақ қоғамына ортақ қасиет<sup>25</sup>. Мысалы қатымнан кейін иелері барлық қонақтармен Қоштасып жатып, әйелдері «сөге жамандамандар. Дастархан, ет жақсы болды деп ойлаймыз» деген сөзді міндетті түрде айтып жатты.

### **Франция қазақтарының ұйымдары**

Жалпы Франция қазақтары бірнеше ұйымдарға мүше. Мәдени ұйымдарға келетін болсақ, олар Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін жандана бастаған. Алғашқы болып «Мұстафа Шоқай» қоғамдық бірлестігі ашылған. Мұстафа Шоқай бірлестігін тек қазақтар ашты деуге болмайды. Мұстафа Шоқайдың көзқарасын қолдаушы жергілікті түріктермен бірлесе отырып құрылған. Оның басында қазақ Яшар Динч тұрған. Олар Қазақстанның елшілігімен және сол Ногент сур Маргент қаласының мэры Қазақстанның елшілігінің ұсынысын қолдай отырып, Мұстафа Шоқайға бюст орналастыруға рұқсатын беріп, жерді бөлдірткен. Ұйымның нақты орталығы жоқ. Ұйым қағаз түрінде өмір сүріп жатыр деп айтсақ та болады.

Сонымен қатар, 2014 жылы Сан Дени «Франция қазақ түріктерінің ассоциациясы құрылған». Бұл ұйым бүгінгі таңда Париж қазақтарының көпшілігін өзіне жұмылдырып отырған ұйым деп айтуымызға болады. Мәдени шаралардың барлығы осы жерде өтетін болған. Оған басты себеп, бұл ұйымның арнайы жабдықталған орталығының болуында. Екі қабатты жүк сақтайтын орынды 2014 жылы жалға алған көрінеді. Ішін Париж қазақтары өздері жөндеуден өткізген, Түркиядан қазақи оюланған сырмақ<sup>26</sup>, төсемелер мен жастықтар алдырып жабдықтаған. Қабырғаға Астана қаласының суреттерін ілген. Франция қазақтарының Қазақстанға барғанда алып келген және елшілік сыйға тартқан домбыра, бесік және көптеген кітаптар бұрышқа жинақталған. Бұл жерде Франция қазақтары қатым, мейрамдарда жиналып ортақ іс-шаралар

<sup>25</sup> Werner, Cynthia. 1999. 'The Dynamics of feasting and gift exchange in Rural Kazakstan', in Ingvar Svanberg (ed.), Contemporary Kazaks. Cultural and Social Perspectives. Richmond: Curzon, pp. 47–72.

<sup>26</sup> Ұлттық оюлармен жасалған төсемелер.

өткізеді. Кейінгі кездері немерелерінің тұсау кесерін<sup>27</sup>, бесікке салу<sup>28</sup> сияқты қазақи дәстүрлерді де жандандырып жиындар өткізіп тұрады. Бұрындары Франция қазақтары арасында ол дәстүрлер жиі жасалмайтын болған. Бұған үйлерінің тарлығынан көптеген қонақ шақыра алмайтын болғандығы әсер еткен. Бұл орталықты Париж қазақтары «локаль» деп атайды, француздан аударғанда яғни қазақтардың өздерінің бас қосатын жері деген мағынаны білдіретін көрінеді.

Жалпы бұл ұйымда бастапқыда мәдени шаралар жиі өткен. Ұйымдастырудың нашарлығынан, жастардың қызығушылығының төмендеуінен, бүгінгі күні бұл орын тек діни іс-жоралғыларды жасайтын және өткізетін орынға айналған. Тіпті қазақтар арасында бір адам дүниеден өткен жағдайда, ол кісінің жаназасын да осы жерден шығарады.

Қазақстан елшілігімен 2015 жылдарға дейін «Мұстафа Шоқай» қоғамдық бірлестігімен жұмыс жасаған болса, кейінгі кездері арадағы байланыс «Франция қазақ түріктерінің ассоциациясымен» жанданған. Елшіліктің бірден-бір нақты байланыс орнатып отырған орталығы осы деп айта аламыз. Бұған себеп, Париждегі қазақтардың ең көп шоғырланатын, ең көп басы қосылатын осы ұйым болуы. Ал «Мұстафа Шоқай» қоғамдық бірлестігінің арнайы залы немесе тұрақты жері жоқ болғандықтан, ол ұйыммен жұмыс жасауда қиындықтар туғызған.

Үшінші ұйым ол «Қазақ спорт клубы». Бұл клуб алғашында 1980 жылдары пайда болған. Ол кездері бұл ұйымды қазақтар арнайы тіркете алмаған, қазақ жігіттері өздері жиналып доп ойнап, бастарын біріктірген. Тек 2014 жылы Франция қазақ түріктерінің ассоциациясының үйірмесі ретінде қайта құрылған. «Бұны ашудағы негізгі себеп, қазақ жастарының басын біріктіріп, бір орталыққа жинау болды дейді», - Мұстафа Услужан 56 жас. Олардың арнайы формалары бар. Эмблемасын өздері таңдап, оны ойында алып шығады. Париж қаласының аула клубтары арасында аудан ішілік жарыстарына қатынасады. Биылғы жылы чемпион атанған. Жалпы бұл клуб екі командадан тұрады. Біріншісі жоғарғы лига, яғни жақсы ойнайтын, іріктелген негізгі сайыстарға шығатын команда. Екінші командада жасы кіші, ойнау шеберліктері төмен ойыншылар жинақталған.

Клубтың тренерлері Селчук Биыклы (әкесі -түрік анасы қазақ) және Танер Өздемир (ата-анасы қазақ). Ойыншылар құрамы толықтай қазақ деп айтуға келмейді.

Ойыншылар құрамасының тізімі төмендегідей болып келеді:

Аты жөні	Ойыншының ата – анасының ұлты
Мұрат Зенгин	екеуі де қазақ
Рытван Катран	екеуі де қазақ

<sup>27</sup> Баланың алғашқы қадамына арналған арнайы жіпті кесу дәстүрі.

<sup>28</sup> Баланы алғашқы бесікке бөлеу дәстүрі.



Семи Алтай- Меркит	екеуі де қазақ
Этем Дазухан	екеуі де қазақ
Енес Сердар	екеуі де қазақ
Талха Ажы	екеуі де қазақ
Гекхан Ажы	екеуі де қазақ
Кудрет Көкжал	екеуі де қазақ
Ясин Катран	екеуі де қазақ
Емре Тойдемир	екеуі де қазақ
Серген Сояр	әкесі қазақ анасы түрік
Метин Ташдемир	Әкесі қазақ анасы арап
3 ойыншы афро нәсілді	
6 ойыншы арап	
5 ойыншы түрік	

Егер кестеге мән беретін болсақ, қазақ жастарынан шыққан ойыншылар 50 пайызын әзер құрайды. Бұған себеп, қазақ жастарының француз қоғамына әбден сіңуі болып табылады. Олар қазақ спорт клубына өз достарын ертіп келіп бірге ойнауды қалайды. Яғни көршілерін, сыныптастарын, курстастарын, жұмыстағы жолдастарымен бірге уақыт өткізуді қалаған, осылайша құрама өзгеріске енген. Ал, өзге ұлттың балалары қазақ спорт клубының намысын қорғап, арнайы жасалған форманы киіп доп ойнауда. Бұл команданың ұлттық құрамынан қазіргі Франция қоғамының көрінісін көруге болады. Тағы бір мән берерлік жағдай, ол команда құрамында француздардың болмауы. Яғни бұл жастарды исламның біріктіріп тұрғандығын ұғуға болады. Францияда паспортта ұлт көрсетілмейді, ұлтқа бөлінушілікке жол жоқ, сондықтан олар дінге бірігіп, дін арқылы бір-біріне жақындасады.

Клуб мүшелері сәрсенбі және жұма күндері жиналып ойнайды. Доп ойнайтын алаң, мемлекет атынан жастардың ойнауына, бос уақыттарын өткізуге арналған спорттық сарайды өткізіледі. Оған ақы алынбайды. Тек клубтың мүшелері тіркеліп, арнайы уақыт белгілеп алса жеткілікті. Ватсап қосымшасында «Париж қазақ спорты» деп аталатын группа бар, сол арқылы бір-бірімен жылдам хабар алысып тұрады. Жаттықтырушылар Селчук пен Танер олардың қайсысы келесі ойында ойнайтындығын таңдап отырады. Селчук пен Танер жастарының ұлғаюына байланысты биылдан бастап тренерлікті тастайды. Танердің жасы қырыққа таяп қалған. Ал жаттықтырушылық міндетін Талха Ажыға тапсырылатындығы таңдалған екен.

Төртінші ұйым ол Түрік ұйымы болып табылады. Қазақтардың көпшілігі бұл ұйымға да мүше болып табылады. Себебі, қазіргі Франциядағы қазақтардың көпшілігі Түркияда туылып, мектепті сонда оқығандықтан және Түркияның азаматтары болғандықтан бұл ұйымның іс-шараларына да араласып тұрады.

Бұдан бөлек Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Францияға келген қазақтардың өз ұйымдары бар. Мысалы, «Қазақстан достарының жас альянсы», «Қорқыт» қазақ мәдениет орталығы, «Апа» қазақстандық балаларды асырап алған француз отбасылардың ұйымы сияқты орталықтар жұмыс істеп тұр.

Олардың барлығы Франциядағы Қазақстан елшілігімен тығыз байланыста. Аталған орталықтар мен бірлестіктердің жекелеген ғимараттары жоқ. «Қорқыт» қазақ мәдениет орталығы «Анатолия» түрік мәдени орталығының ғимаратында белгіленген сағаттарда жұмыс істеуге рұқсат алған. Қазақстандықтардың құрған бірлестіктері елшілікпен бірлесе отырып әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Мысалы, наурыз<sup>29</sup>, тәуелсіздік күні т.б. Бірақ, бұл ұйымдарға жергілікті, яғни Францияға ертеректе көшіп келген қазақтар көп араласа бермейді. Себебі, тілдік және менталитеттік алшақтық бар. Қазақстандық қазақтардың көпшілігі орыс тілінде қатынас жасасады, ал Франциялық қазақтардың басым көпшілігі өзара түрік тілінде қарым-қатынас жасайды, осылайша, екі қазақ ортасы бір-бірімен араласуда қиындықтар шегуде. Дегенмен, «Қазақстан достарының жас альянсы» жетекшісі Сая Абдуллаева екі жылдай жергілікті Париж қазақтарының қыздарына сенбі сайын қазақтың ұлттық билерін үйретіп отырған. Сая Абдуллаеваның айтуы бойынша «Бастапқыда биге қатысамын деуші Париж қазақтарының қыздары көп болды. Оларды екі топқа бөлдім. Үлкендер тобы және кішкене қыздар тобы. Үлкендер тобында 12 қыз келіп жүрді. Уақыт өте келе нақты 8 қыз билеуге ниет білдірді. Ал кіші қыздар тобымен мен жұмыс істей алмадым. Оған менталитеттің, яғни ата-аналарының бала тәрбиесіндегі өзгешелігі себеп болды. Биді үйрету барысында жиі қайталату, кейбір жерлерде дауыс көтеріп түсіндіруді ата-аналар жақтырмады. Оларда баланы кіші кезінен қатаң тәрбиелеп, әртүрлі үйірмелерге апару мәдениеті өзгеше қалыптасқан. Үлкен қыздар тобымен жақсы жұмыс атқардым. Олармен Германияға, Қазақстанға би тобы ретінде гастрольдерге бардық. Бірақ мен олардың ата-аналарымен тығыз байланыста бола алмадым. Менталитет сәйкеспеді, менің қазақ тілім де өте жақсы болмады, сонымен қатар, олардың көзқарастары басқаша. Париждегі Түркиядан көшіп келген қазақтар жабық қоғамда өмір сүреді. Оларды түсіну қиынға түседі. Мен жас буынмен ғана, яғни биге келіп жүрген қыздармен ғана араласа алдым. Олармен қатынас тілі француз тілінде жүретін. Себебі мен түрікше білмеймін ал, олар қазақша түсінбейтін. Қазір би үйірмесі өз жұмысын уақытша тоқтатып тұр».

Қазақстаннан келіп оқып жатқан студенттер де бастапқы кезде жергілікті қазақтармен араласуға тырысатындықтарын айтты. Бірақ тілдік және менталитеттік кедергілер олардың араласуына жол бермеген. Парижде докторантура бітірген Қарлығаш Абішева 38 жаста: «Түркиядан көшіп келген қазақтарды жабық қоғамда, өздерін өзге ортадан алшақ ұстайтын қауым ретінде танимын. Олардың бас қосатын «Локаліне» бірнеше рет бардым. Әйелдер мен еркектер бөлек отырады. Көпшілігі түрікше сөйлейді. Бірлестіктеріндегі атқарылатын іс-шаралар тек діни мәнге ие. Мәдени іс-шаралар жиі өтпейді. Ол

---

<sup>29</sup> Қазақстандағы “көктемгі жаңару” мерекесі. Шығыс күнтізбесі бойынша (наурыздың 21) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

жер олардың сұхбат құруына және діни іс-шараларды өткізетін орынына айналған сияқты. Мен бірнеше рет қатымға барғаннан кейін қайталанбады, іс-шараға бара бергенді тоқтаттым.»

Парижде бұрыннан тұрып келе жатқан қазақтар Францияда болып жатқан саяси оқиғаларға тікелей араласпайды. Оларды Түркияда болып жатқан саяси оқиғалар көбірек қызықтырады. Барлығының қос азаматтықтары бар. Сондықтан да олар Түркиядағы және Франциядағы сайлауларға тең қатынаса алады. Бірақ, Франциядағы сайлауға қызығушылық танытпауының себебі, француз тілін толық түсінбеуінде болып отыр. Саяси жетекшілердің бағдарламаларын және олардың теледидардағы бағдарламалық таныстырылымдарын түсінбегендіктен, өздеріне түсінікті түрік тіліндегі ақпараттар арқылы Түркияның саясатымен жиі таныс болып отырады. Ал, құрған ұйымдарының барлығы саяси мәселелерді көтеруге бағытталмаған. Париждегі қазақтардың мәдениетін, өнерін дамытуға және сақтауға бағытталған. Ол жерлерде ұйымның негізгі қызметінің ұйымдастырылуының дұрыс жүрмеуінен тек діни іс шараларды өткізетін орталықтарға айналған. Тек биылғы жылдан бастап қана Қазақстан елшілігімен мәдени бағыттарда жұмыс жасай бастаған. Юнеско жанындағы Қазақстан өкілдігінің жұмысшыларының соңғы жылдары қазақ тілді қызметкерлермен толысуы олардың елшілікпен қарым-қатынасын жандандыра түскен.

### **Отбасы және үй жағдайлары**

Отбасы қай қоғамда болмасын ең негізгі әлеуметтік институттың бірі. Қоғамның дамуына қарай отбасы қатынастары да үнемі өзгерісте болады. Ал, бірнеше мемлекеттерде өмір сүрген отбасылардың отбасылық қатынастары өзгеріске түсетіндігі белгілі. Франциядағы қазақтардың отбасы типі патриархалды болып келеді<sup>30</sup>. Үйдегі негізгі шешімді әкелері шешеді. Әкенің сөзі мен оның билігі жанұяда басқалардан қарағанда жоғары тұрады. Жанұяда әйелдің мәртебесі еркектен сәл төмен, әйелдер Францияның, Түркияның саяси немесе экономикалық өміріне қызығушылық танытпайды және оған араласуға аса құлықты емес. Сайлау уақытында дауыс беруге бармайды. Орта жастағы қазақ әйелдері сәл өзгерген, олар Францияның саяси өміріне тікелей араласпаса да, болып жатқан оқиғадан хабарлары бар. Ал жастары болса, Франция қоғамындағы өзгерістерге алаңдаушылық білдіреді, болып жатқан саяси жағдайдан толықтай хабардар. Бірақ, өздері саясатпен айналысып немесе мемлекеттік органдарға жұмыс істеуге құлшыныстарының жоқ екендігін жасырмады.

Әйелдер мен еркектер көп жағдайда жеке қыдырады. Кафе, ресторандарға еркектердің бас қосуы әйелдерден қарағанда жиі. Әйелдердің демалыс орындарына баруға мүмкіндіктері бар, бірақ жалғыз баруға рұқсат жоқ. Олар

---

<sup>30</sup> Джери Д. Большой толковый социологический словарь: Collins: В.2. т.- Т.2. П.-Я. /Дэвид Джэри, Джулия Джери.- М.: Вече, АСТ, 1999.- С.12-13.

қастарына балаларын немесе туыстарын ертіп қана баруларына болады. Жас қыздар қазақ жастарымен қыдыратын болса, міндетті түрде қастарына бауырларын, қарындастарын немесе әйтеуір бір ер адамды ертіп шығуы қажет. Ал, жалғыз жүрсе қазақ отбасылары арасында өсек, сөзге қалуы мүмкін. Мұндағы қазақ жанұялары бірін-бірі жақын танығаннан кейін өсек, сөз жиі болып тұрады. Кейінгі жастар өсектен қашып, француз немесе түріктермен араласуға тырысатындықтарын айтты.

Жар таңдау, тұрмыс құру мәселесіне келсек, қазіргі кезде қазақ отбасыларының жанұя құруы бұрынғыдан өзгерген. Францияға келген қазақтар алғашында өздері тек әке-шешелерінің таңдауымен үйленген. Түркиядағы қазақтар арасынан әке-шешелері қыз таңдап беріп отырған. Қазір жастарға ерік берілген, олар өз қалаулары бойынша үйлене алады. Дегенмен, ата-аналары үнемі қазақтан немесе мұсылманнан ғана қыз алуға немесе қазаққа ғана тұрмысқа шығу керек екендігін ақылдарына сіңіріп тәрбиелейтін көрінеді.

Париждегі қазақтар жанұяларының көпшілігінде 3-4 баладан бар. Кейбір отбасыларда бес балаға дейін кездеседі. Олар баланы дүниеге әкелу мен оны асыраудан қорықпайды. Европалық менталитет, яғни отбасыны жоспарлау, бала санының аздығы деген мәселелерге көңіл бөлмейтіндігі байқалады. Жастардан бала санына байланысты сұрақ қойған кезімде, көпшілігі құдайдың бергені болар деген жауапты берді. Бұл тұста, қазақ жанұялары ислам мен шарифат аясынан шықпауға талпынатындықтары байқалады.

Отбасындағы негізгі тіл түрік тілі болып табылады. Ата-аналары балаларымен қатынасты түрік тілінде жүргізеді. Қазақ тілін үлкендер тек өзара қатынас тілі есебінде қарастырады. Ортаңғы және кейінгі ұрпақ қазақ тілінде отбасында сөйлеспейді. Балалар мектеп жасына толғанға дейін тек түрік тілінде сөйлеп өседі де, 10 жасқа келгеннен бастап, яғни мектептегі французшалары толық жақсарған кезден, өзара тек француз тілінде сөйлесуге көше бастайды. Дегенмен де, үлкендерге болсын, жастарға болсын түрік тілінің маңызы зор. Олар түрік тілін сақтайды және оның жоғалмауына жұмыс жасайды. Түрік тілі жанұя тілі және ол тәрбие тілі деп ұғынады.

Қазақ отбасыларының көпшілігі жазғы уақытта Түркияға кетеді, Түркияның арзандығы мен ауа-райының қолайлығы және Отанға барып қайту мақсатында демалыстарын Стамбулда, Антальяда және өзге Түркияның курортты аймақтарында өткізеді. Сонымен қазақ бос уақыттарында түрік телеарналарын көреді, түрік кафелары мен мейрамханаларына, сауда үйлеріне барумен өткізеді. Сонымен қатар, айына бір рет болсын «Локальға»<sup>31</sup> яғни қазақтар бас қосатын орталыққа барып қайтады. Ораза айларында аталған жерде жиі ауызашарлар беріледі, ол кездері бос уақыттарында тек локальде болуға тырысады.

---

<sup>31</sup> Әдетте қазақ қауымдастығы Франциядағы қазақ-түрік ассоциясын "Локаль" деп атайды.

Франциядағы қазақтардың көпшілігінде жеке меншік үйлері жоқ. Парижде тұратын қазақтар арасында тек 2 адамның жеке меншік үйлері барлығы белгілі болды. Парижде үйдің қымбаттылығы және Франция қазақтарының бұрыннан тапқан табыстарын Түркияға жіберіп тұруынан олар Парижден үй алуды жоспарламаған. Көпшілігі кері қайтамыз деп ойлаған. Париждің өз басында тұратындары көп емес. Париж маңындағы қалаларға шашырап қоныстанған. Негізінен мемлекет тарапынан берілген әлеуметтік үйлерде тұрады. Мажит Тастемір 54 жас «Біз алғашында екі бөлмеді үйде тұрғанбыз. Ол кезде бір ғана баламыз болған. Қазір үш бөлмелі үйге көштік. Балаларымыздың саны өсіп 3 ұлым болған кезде өкімет үш бөлмелі үй берді. Жалпы квадратурасы 64 шаршы метр. Егер балаларым ұл және қыз болған жағдайда оларға бөлек бөлме берер еді. Онда маған төрт бөлмелі үй беруге тиісті. Бұл үйге айына 500 еуро төлеймін. Әлеуметтік үй болғандықтан айына төлейтін жалдау құны да төмен болып келеді.

Қазақтардың үйінің іші европалық стильде жинақталған деп айта алмаймыз. Түркия мен қазақстандықтардың үй жасақтау әдістеріне жақын келеді. Үйдің бұрышынан төсекке арналған көрпе, жастық жиынтығын жиі көруге болады. Сондай ақ, жер үстел мен көрпешелер төселген алашалар да жиі кездеседі. Түріктердің қабырғаға сүйеген жастықшалары үйдің төріне жерге қойылады. Бұл негізінен барлық үйлерде бар десе де болады. Францияда тұратын қазақтардың үйлерінен қазақтарға ғана тән оюлы заттарды таба аласыз. Оның барлығын Түркиядан әкелген екен. Мысалы, Нұржан апамыз 53 жас «Жерде жатқан алаша<sup>32</sup> әкемнің көзі. Әкем 1984 жылы Қытайға виза алып туған жеріне барып келді. Барған кезінде осы алашаны алып келген болатын. Біз Францияға көшіп келгеннен кейін, азаматтық алып Түркияға барған кезімде өзіммен алып келдім. Міне бүгін үйімнің төріне жайып отырмын». Үйге қонақ келген кезде жер үстелге отырады немесе жерге дастархан жайып сонда қонақ күтіледі. Әр үйдің төріне міндетті түрде қазақи төсемелер немесе кілемшелер төсеп қонақты жерге отырғызады. Тамақ ішуде қазақи ыдыс-аяқтарды қолданады табақ<sup>33</sup>, кесе<sup>34</sup>, тостаған<sup>35</sup> тағы басқа. Барлық отбасы шайды кесемен ішеді. Түріктің стакандарын көп қолданбайды. Себебі, сүтті шайды кесемен ғана ішу керек деген ой қалыптасқан.

Сонымен қатар, кейінгі жылдары қазақстанда жасалған сувенирлерді үйдің көрнекті жеріне қою әдетке айналыпты. Жастардың бөлмесіне келер болсақ, олардың бөлмесі керісінше Түркияның жалауымен безендіріледі. Барлық жастар бөлмелеріне тән ерекшелік Түркия футбол клубтарының белгілерінің көп болуы. Ұлдың да қыздың да бөлмелерінде Бешикташ, Фенербахче сияқты атақты

---

<sup>32</sup> Әртүрлі түстерге боялған жіптермен тоқылған кілемше

<sup>33</sup> Етке арналған үлеен ыдыс

<sup>34</sup> Шәй ішуге арналған ыдыс

<sup>35</sup> Қымыз ішуге арналған ыдыс

түрік футбол клубтарының шарфтары мен жалаулары және Түркияның байрақтары ілінген.

Кейбір үйлерде, кіре берістің жоғарғы жағына адыраспан ілінген. Оны жамандықтан үйді қорғап, аластап тұру үшін ілетін көрінеді. Бұндай салт түріктерде жоқ қазақ жанұяларына ғана тән. Адыраспанды жағып үйлерін аластап тұрады. Бұл көз тиюден жаманшылықтан сақтайды деп сенеді.

Фото мәліметтер:



Қазақтар алғаш орналасқан «Пармантьер» қонақ үйі



Қазақ әйелдері ауызашар дастарханын жасауда





Қазақ әйелдері палау мен тиркаридi даярлау үстiнде



Қазақ әйелдері локальда



Қазақ ерлері ауызашарда



Қатымда қазақтың жас жігіті үлкендерге қызмет етуде



Қазақ спорт клубы



Локальдағы үлкендер мен жастардың кездесуі



Локальда жаназа шығару



Қазақ жанұясының мерекелік дастарханы



Франциядағы қазақ жанұясы.



Қазақтың үйіндегі көз тиуден сақтайтын адыраспан.





Франциядағы Түркия қазақтарының ассоциациясының офисінде